

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНДАҒЫ БИЛІК ЖҮЙЕСІ: ГЕНЕЗИСІ, ДАМУЫ ЖӘНЕ ФУНКЦИЯЛАРЫ

С.Б. Өзенбек¹

¹ Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

Түйіндеме. Бұл мақалада ежелгі замандардан кейінгі ортағасырларға дейінгі ұзақ уақыттарға созылған тарихи үақыт аралығындағы қазіргі Қазақстан аумағындағы мемлекеттіліктің сабактас және үздіксіз көрінісі ретінде хандық билік қарастырылады. Қазақстан аумағындағы біздің заманымызға дейінгі өмір сүрген ірі тайпалар мен тайпалық одақтардың, көне түріктердің билік жүйесінің дамуы мен функциялық міндеттері және Шыңғыс хан негізін қалаған монголдық билік жүйесімен сабактас екендігі айқындалады. Деректер мен зерттеу еңбектері негізінде жоғары билеушілердің атақ-лауазымдары жан-жақты талданып, белгілі бір тұлғаның бойында киеліліктің болуы оны өз замандастарынан ерекшелендіргені анықталды.

Түйінді сөздер: билік, титулатура, мұралану, қыпшақтық дәстүр, монголдық дәстүр

Кіріспе. Қазақ мемлекеттілігінің даму серпінімен байланысты проблемалар шенбері ортағасырдағы Қазақстан мен Орталық Азия елдерінің тарихы үшін маңызды мәнге ие. Түркітілдес халықтардың, оның ішінде қазақ халқының тарихы тереңде жатыр. Ешбір халық қысқа тарихи мерзімде қалыптасып, тарих сахнасында бір мезетте пайда болмайды. Бұл ұзаққа созылатын тарихи-этникалық үдерістерден тұрады, сондықтан да түркітілдес халықтардың тарихын олардың алғашқы бағалары, біздің заманымыздың бастауларында тұрған сақтардан, үйсіндерден, қаңылардан және ғұндардан бастауымыз керек. Саяси оқиғалармен динамикалық түрде қазақ қоғамы тарихының қалыптасқан заңдылықтарының негізгі кезеңдері қарастырыла отырып, ханының қадір-қасиетінің генезисі стихиялы түрде қалыптасқан харизма ұғымы түрінде идеалистік тұрғыдан түсіндіріледі. Ортағасырдағы адам үшін биліктің заңдылықтары оны Құдайлыштық күштермен санкциялауды білдірді. Ең алдымен, «Аспан мен Жерден туылған, Құн мен Ай орнатқан» сынды ұғымдар Қазақстан территориясында мекен еткен тайпалық бір-

лестіктердің, қағандықтардың, хандықтардың артықшылықтарын тағайындауда оның толық атағының формуласында болды. Қазақстан аумағындағы тақты иелену мен мұралану мәсеселесінде екі дәстүрдің болуы мен олардың даму барысы, олардың нақты көріністерін этникалық процестерден байқаймыз.

Жұмыстың өзектілігі. Қазақ халқының сан қырлы тарихы мен ұлттық мәдениетінің ұлттық құндылығын дамыту барысында мемлекеттік «Рухани жаңғыру» бағдарламасы және оның жалғасы ретінде қарастыратын «Ұлы даланың жеті қырының» Қазақстан тарихы үшін өте маңызы зор. Барлық нәрсөнің еншісі ол кеңістік, ал бүкіл оқиғаның өлшемі әрине үақыт саналады. Тұлғаландыру - тарихи үдерістер арқылы жүзеге асады. Әрбір халық өкілдері өздерінің Ұлы Бабаларының есімдерін мақтан етіп, оны мадақтайды. Ұлы даланың ұлы тұлғалары өте шексіз. Олар: Әл-Фарабиден бастап, Күлтегін, Керей және Жәнібек хандары, Қасым хан, Хақназар хан, Есім хан, Тәуке хан сынды ұлы тұлғалар шоғырларын дүниеге әкелген. Ұлы көшпендерілер мен түркі мемлекетінің сабактастық моделін тарих пен

география қалыптастырған және де бұл Қазақстан территориясындағы мекен еткен одақтардың экономикалық, мәдени-саяси өмірінің өшпес ізін қалдырыған. Кеңістікті игерे білген түркі әлемінің генезисі де тарихи үдерістерде маңызыды рөлге ие.

Зерттеу мақсаты. Қазақстан аумағындағы хандық биліктің қалыптасуын, дамуын және функциясын зерттеу. Көздел отырған мақсатты негізге ала отырып, келесідей міндеттер жүзеге асырылды: 1. Қазақстан аумағындағы жоғары билік концепцияларын қарастыру. 2. Қазақстан аумағында тақты мұралану дәстүрін ашып көрсету. 3. Ортағасырдағы хандық билік функцияларының дамуын жазба деректерге сүйене отырып ханың шарттары мен құқықтары талдау.

Зерттеу жұмысының теориялық-методологиялық негізі. Нақты тарихи зерттеу тәжірибесі бірқатар маңызды методологиялық мәселелерге назар аудартады. Тарихнамалық сараптау, тарихи ақықат, гнөссологиялық көзқарастар, тарихнамалық теориялық негіздерді түсіну, тарихи синтездеу, сынни тұрғыда қарау, салыстыру, жаңаша көзқарасты зерделеудің жаңа тәсілдерімен зерттеу әдістері қолданылды.

Дереккөздердің анықталған кешені, мәліметтерді салыстырмалы талдау тарихи оқиғалардың берілген сипаттамаларын қайта құруға мүмкіндік берді. Зерттеу жұмысын жазу барысында объективтілік, тарихилық, жүйелілік тәрізді ғылыми таным принциптері басшылыққа алынды. Тарихи-текстологиялық көзқарас арқылы осы дереккөздердің барлығына тақырып бойынша тарихи материалдарға сынни тұрғыдан қарауға, олардың тізімдерінің тәуелділігі мен түпнұсқалығын анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттелу жұмысында тарихи зерттеудің жалпы ғылыми әдістері мен талдау тәсілдері, қазіргі тарих ғылымында қалыптасып келе жатқан жаңа бағыттағы тың ой-тұжырымдар мен ұлттық тұрғыдағы көзқарастар қарастырылды. Атап айттар болсақ, Дж. Флетчердің методологиялық тәсілі(Хан көшпелілерді бақылауда ұстаудың идеологиялық құралы

ретінде Тәңірге сөнім арттыру), соңғы кезеңдегі жаңа бағыттағы ғылыми ой-пікірлер мен тұжырымдарға Т.О. Омарбековтің, А.М. Хазановтың, Т.И. Султановтың, М.Х. Абусейтова-ның, Б.Б. Көрібаевтің, Қ.М. Атабаевтің, Ж.О. Артықбаевтің, А.К. Күшкүмбаевтің, О.Х. Мұхатованың, Т.Ә. Төлебаевтің және т.б. жетекші тарихшы ғалымдардың еңбектеріндегі ұлттық, әлеуметтік және этникалық тарихқа қатысты тарихи, тарихи-этнологиялық, тарихнамалық және ұлттық деректерді зерттеу, талдау, пайдалануға қатысты тарихнамалық көзқарастарына сүйенілді.

Түркітілдес халықтардың тарихын олардың алғашқы бабалары, біздің заманымыздың бастауларында тұрган сақтардан, үйсіндерден, қаңылардан және ғұндардан бастауымыз көрек. Қай қоғам болмасын ішкі және сыртқы қатынастарды реттелуі мен дамуы барысында қоғамдық қатынастардың даму деңгейіне сай келетін, өзіне ғана тән мемлекеттік құрылымдары қалыптасады. Мемлекеттік құрылымдардың бәрі орталық билікке келіп тоғысады. Қазақстан тарихында орталық билік хандық билік деген атауға ие болған[1, 67 б].

Әр түрлі құштердің дәстүрлері бір-бірімен қабаттасып, қажет болған жағдайда әлемге шығарылды немесе тарихи жадтың тереніне көмілді. Өткеннен бүгінге дейін белгілі бір уақытта қажет болатын мемлекет құру принциптері (аумақтық бөліну, әкімшілік және салық жүйесінің элементтері, кейде тіпті астананы тандау және т.б.).

Өз кезегінде Шыңғыс хан негізін қалаған монғолдық хандық билік жүйесі көне түріктердің, ал олар біздің заманымызға дейінгі ғұндардың билік жүйесімен байланысып жатыр. Ондай байланыстар территориялық, тілдік, мәдени, экономикалық, этникалық факторлармен қатар, билік жүйесінің сабактастығынан да көрінеді. Ежелгі ғұндардағы, көне түріктердегі және Шыңғысхан заманынан бері монғолдардың билік жүйесіндегі жоғары билеушілердің атақ-лауазымдарындағы (титулатура) ортақ белгіге - мемлекеттің негізін қалаған тұлға бойында, яғни әулеттік биліктің негізін қалаған адамның болмысында

киеллік қасиеттерінің болғандығына толығымен және оны сол замандағы адамдардың жан-тәнімен толық мойындауы жатады. Белгілі бір тұлғаның бойында киелліктің болуы – оны өз замандастарынан ерекшелеп, ерекше жаратылған, түмисі бөлек, небір асыл қасиеттерге ие етіп көрсетеді. Ал оның ұрпақтары уақыт өте келе ол тұлғаны одан әрі дәріптеп, оның жаратылысын ерекше тылсым, құпия, адам таңқаларлық ғажайып құбылыстармен байланыстырады да, қорытындысында оның дүниеге келуі Көктің (Аспанның, Тәнірдің, Жаратушының) қалауымен жүзеге асқан деп есептейді [2].

Хандық биліктің негізгі тұжырымы мемлекеттік билік құрылымына тікелей негізделген, күрделі құбылыс болып табылады. Билік, оның ішінде біздің қоғамға тән хандық билік те жергілікті гео-аймақтық жағдайда қалыптасқан занылыштар аясында өрбіп, дамып, жетілгені белгілі. Дегенмен хандық биліктің жалпы құрылымы, оның тубірлі мәселелері бүгінгі тарихи-саяси ғылымдарда толық шешілмеген мәселелердің бірі іспеттес.

Қазақ хандығының құрылуын мемлекеттіліктің дамуы Қазақстанның ежелгі тарихындағы сақ, ғұн, үйсін, қанұт мемлекеттіліктерінің, ерте ортағасырлардағы Түрік, Батыс Түрік, Тұргеш, Қарлұқ, Оғыз, Кимек, Қыпшақ, Қарахандар мемлекеттерінің, одан кейінгі Алтын Орданың, ал нақты түрде Ақ Орда мемлекеттерінің тарихымен тікелей байланысты. Мемлекеттердің атауы әртүрлі болса да, оларға ортақ нәрсе - бір территория мен сол территорияда өмір сүрген ру-тайпалар мен тайпалық бірлестіктердің тегі мен тілі, шаруашылығы мен мәдениеті, діни-рухани өмірлерінің ортақтығы, сондай-ақ мемлекеттілік құрылымдарының сабактастығы, олардың функцияларының ортақтығы жатты. XIII ғасырдың басына дейінгі мемлекеттердің бәрінің атауы мемлекетті құруда басты рөл атқарып, билеуші әулеттерді шығарып отырған тайпалар атауларымен байланысты болып келсе, Қазақ хандығы алғаш рет қазақ халқының құрамына енген тайпалардың бірінің емес, барлық тайпаларға ортақ атаумен атала бастайды [1, 68 б.]

Иелену мен мұралану мәселесіндегі еki дәстүрдің болуы мен олардың даму барысы, олардың нақты көріністері XIII-XV ғасырлардағы этникалық процестерден де байқалады. Тіпті этникалық дамудың барысы мен бағытын, олардың ішкі ағымдарын айқындауға әрбір тарихи кезеңдердегі еki дәстүр арасындағы қырестердің болуы, барысы және нәтижелері жәрдемдеседі. Сол себепті де хандық билікті иелену мен мұраланудағы монғолдарға дейінгі - қыпшақтық немесе ғасырлар бойы қалыптасқан жергілікті дәстүр мен монғолдық дәстүрлер арасындағы құрес XIII-XV ғасырлардағы хандық биліктің өзгеріске ұшырауы мен оның кандай нәтижеге жеткізгенін көрсетеді.

Хандық билікті мұраланудағы монғолдық дәстүр дегеніміз - Шыңғыс ханға дейін, оның түсында және одан кейін Монғол империясы мен оның Ұлыстарында сақталған хандық билікті мұралану дәстүрі. Ол дәстүр бойынша билік әкеден балаға, баладан немереге тікелей беріліп отырған.

С.Г. Кляшторный Ұлы ханның құқықтары мен функцияларының тізімін тұжырымдауды, ханда мемлекеттің барлық жерлеріне жоғары меншік құқығы, соғыс мәселелерін шешу құқығы болды және бейбітшілік, шет мемлекеттермен келіссөздер жүргізу, субъектілердің өмірі мен өлімін, заң шығару және басқарумен айналысқан. [3, с. 198].

Билікті мұраланудағы қыпшақтық дәстүр дегеніміз – монғол жаулаушылығына дейінгі Дешті Қыпшақ аумағында қалыптасқан билікті мұралану дәстүрі. Ол бойынша билік әкеден бауырға, не болмаса нәмере бауырға етіп отырған.

XV ғасырдың ортасында этникалық сипаттағы Қазақ хандығының құрылуымен хандық билікті иелену мен мұралануда жергілікті қыпшақтық дәстүр қайта үстемдікке жетіп, монғолдық дәстүрді женіп шығады. Үлкен мәні бар бұл ауысады этно-саяси дамудағы жаңа кезең деп қарауға болады, яғни Керей мен Жәнібек сұлтандардың жеке мемлекет құрып, онда билікке келуі - монғолдарға дейінгі дәстүрдің қайта жаңғыруы болды. Бұрынғы дәстүрдің қайта жаңғыруы, оның құрес ар-

қылыша жеңіске жетуі - XIII - XV ғасырлардағы этно-саяси дамудың қорытындысы болды. Рашид ад-дин мен Натанзидың еңбектерінде Орда Еженнен, Тоқтакия ханға дейінгі Ақ Орда (Орда Ежен ұлысы) хандарының билік құрған кездері мен сол тұстарда болған оқиғалар баяндалады[9, с. 66-71].

Хандықтың ішкі және сыртқы саяси қызметінің жандануы жыл сайынғы «жалпыхалықтық» жиналыстарды – құрылтайларды шақыру арқылы жүзеге асты, онда жыл сайынғы халық жиналыстарын шақыру арқылы маңызды шешімдер қабылданатын.

Қазақ хандарының құрған мемлекетінің басқару формасы сол заманға сай болған. Сонау Керей мен Жәнібек құрған хандық Көнешары заманына дейінгі бірнеше ғасырларды бастаң өткізіп, өмір сүрулерін жалғастырды. Хан болып сайлану үшін Шыңғыс үрпақтарының үлкені басым құқыққа ие болды және де бұл үрдіс дәстүрлі болып саналды. Қазақ хандығы тарихында жоғарғы билеуші отбасында ең үлкені емес, бұрынғы билеушінің ұлы болған жағдайлар көптеп кездескен[8].

Текtilіk көшбасшыны таңдауға өсер ететін маңызды факторлардың бірі болып саналды. Алайда ханның сайлану фактісін демократияның көрінісі деп санауға болмайды. В.В. Бартольд өзінің билікті бөлу тұжырымдамасын ұсынды.

Қазақ хандығындағы билікті мұраланудың сипатына тоқталсақ:

- биліктің өкеден балаға қалуы;
- биліктің ағадан ініге қалуы;
- биліктің бірнеше атадан қосылатын туыс бауырына қалуы.

Мұраланудың осы үш түрі ежелгі көшпелілер қоғамынан басталып, қазақ хандығының соңғы өмір сүрген кезеңіне дейін сақталып келді. Әбілғазының Түрік шежіресінде биліктің өкеден балаға қалу дәстүрі байқалады. Яғни Орда Еженнен ұлы – Күнқыран, Қоншыдан ұлы – Байан, Сасы Бұқадан ұлы – Ерзен, Ерзеннен ұлы – Мұбәрәк қожа хан, Шымтайдан ұлы – Орыс ханның таққа отыруы[4, 1156.].

«Шараф наме шахи», «Тарих-и аламарай Аббаси», «Бахр әл-асрап» және т. б. сияқты

парсы және түркітілдес шығармалар негізінде шарттар, Халықаралық келісімдер, өулеттік некелер, келіссөздер, елшіліктер, қазақ хандарының сыртқы саясатында болған халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешудің барлық белгілі құралдары атап өтілген[5].

Бізге көптеген билік жүйесі туралы құнды мәліметтер беретін деректердің қатарына Мырза Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и Рашиди» еңбегін жатқызамыз. Мұхаммед Хайдар мырзаның «Тарих-и Рашиди» кітабын сол заманың энциклопедиясы десекте болады. Онда атап-ғұламалардың, ақындардың, билеушілердің, патшалардың, хандардың, сұлтандардың, бектердің, қолбасшылардың, батырлардың, елді мекендер мен өзен-көлдердің атаулары, ру-тайпалардың аттары, олар туралы мағлұматтар ғалымдар үшін таптырмас қазына болып табылады[6].

Т.И. Сұлтанов та өз зерттеулерінде Алтын Орда хандарының құқықтары мен міндеттерінің ғұн шаньюйлері мен түрік қағандарымен сәйкес келетінін айтады. Дәл осындай ұқсастық пен сабактастықтарды Алтын Ордадағы хандық билік пен Қазақ хандығындағы хандық биліктер арасынан көре отыра, жалпы, олардың ежелгі ғұндар шаньюйлерінің, одан кейінгі көне түрік қағандарының құқықтары мен міндеттерімен тікелей байланысын байқаймыз. Т.И. Сұлтанов Алтын Орда хандары мен қазақ хандарының құқықтары мен міндеттерін ешбір айырмасыз, бірдей деп көрсетеді [1, 138-139б.]. Оның дәлелдеп көрсетуі бойынша алтынордалық хандар мен қазақ хандарының кем дегендे 5 құқықтары мен тікелей солардан туындастын 5 міндеттері болған. Олар мыналар:

1. Хан билеуші өулеттің басшысы және барлық қазақ тайпаларының ең жоғарғы сюзерені ретінде хандықтың барлық аумағына, ұлыстарға қарасты барлық жерлерді басқаруға құқылы болды, ал соның салдары ретінде оның ең басты міндетіне - сыртқы жаулардан елді қорғау жатты.

2. Ханнның соғыс жариялау және бейбіт келісім жасау құқы болды, одан өскердің бас қолбасшысы болу міндеті туындаиды.

3. Ханның шетел елдермен келіссөздер жүргізуге құқы болды, соның салдары ретінде мемлекеттің сыртқы саяси бағытын анықтау міндепті жатты.

4. Ханның қол астындағыларды өлтіруге немесе тірі қалдыруға құқы болды, оның салдарына жоғары сот міндептің жүзеге асыру жатты.

5. Ханның заң шығару және қофамның барлық мүшелеріне ортақ жарлық шығару құқы болды, ол құқықтан ханның өмір сүріп отырған қофамдық құрылышты және тәртіпті сақтау міндепті туындауды[7].

Қорытынды

Казакстан территориясында мекен еткен тайпалық бірлестіктер, одан кейінгі қағанаттықтар, ұлыстар мен Ордаларда билік мәселе-сі ерекше рөлде болды. Себебі билеушінің таққа отыру ерекшеліктері болды. Яғни, ежелгі дәуірде билеушінің шығу тегін қасқырмен, мифологиямен байланыстыrsa, ортағасырлада қағанды тәнірлікпен, киелілікпен байланыстырған. Мемлекеттегі билік тұтқасын ұстаған «Ашина өзүлетінің» құқығы ерекше болды.

XIII ғасыр басында Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында монғол жаулап алушылығына байланысты орнықкан хандық билікті иелену мен мұраланудағы монғолдық дәстүр тарихи даму барысында XV ғасыр ортасында толық өзгеріске ұшырап, бұрынғы монғолдар жаулап алғанға дейінгі жергілікті қыпшақтық дәстүрге орын береді.

Барак, Әбілхайыр хандар мұралану жолында монғолдық дәстүрді қолдаса, Керей мен Жәнібек сұлтандар жергілікті халықтың дәстүрін, оның ішінде билікті нелену мен мұраланудағы қыпшақтық дәстүрді өздері қабылдап, мемлекеттік жүйеге енгізеді. Жаңадан құрылған Қазақ хандығында монғолдық дәстүр бойынша Барақ ханның ұлы Жәнібек хан отыруы тиіс болса, жергілікті дәстүрдің ықпалымен Керей хан таққа отырады. Қазақ хандығындағы билікті хандар, сұлтандар мен

ақсүйектер арасындағы биліктің бөліну жүйесін талдау арқылы зерттеудің маңызы зор.

Қазақ хандығындағы билікті хандар, сұлтандар мен ақсүйектер арасындағы биліктің бөліну жүйесін талдау арқылы зерттеудің маңызы зор.

- Қазақ хандары екі міндепті шешті - ел ішіндегі беделін нығайту және сауда серіктестерінің санын көнектійті.

- Хан билігінің күші мен тұрақтылығы оның көшпелі ақсүйектердің мұдделеріне қаншалықты сәйкес келетіндігіне байланысты болды. Сондықтан бүкіл мемлекетке қатысты мәселелерді шешу үшін хандар Шығыс ұрпақтары(сұлтандар) және ру өкілдерінен (бiller, тархандар, баһадурлар, старшындар), дінбасылардан тұратын кеңеске сүйенуге мәжбүр болды.

- Исламның таралуы хан билігін нығайтудың тағы бір факторы ретінде қарастырылады.

Әрине, қазақ тарихында «Уақытша әлсіреу» кезеңінде хандықтың сыртқы дипломатиясы әлсіреп, ішкі тұрақтылығы шайқалтып, дипломатиялық шеберлігінің аздығынан хандық билік әлсіреп, жойылып кетудің аз-ақ алдында қалды.

Осы мақаланы қорытындылай келе, хандық биліктің өзгеріске ұшырауындағы маңызды мәселеге - билікті иелену мен мұраланудағы Шығыс хан заманында қалыптасқан дәстүрдің XIII-XV ғасырлардағы этникалық және рухани өзгерістермен қатар шығыстық дәстүрге дейінгі күйге қайтып оралуы жатады. Хандық билікті иелену мен мұралануда монғолдық дәстүрді Дешті Қыпшақта толық жойған күш, ол бұрынғы қыпшақтық дәстүр болды. Ол қайта жаңғырып, әлеуметтік құрылымның барлық топтары арасында таралады. Бұл дәстүр жергілікті халықтың басқа да әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері секілді билеуші топтың санасына сінеді. Ал оның билікті иелену мен мұралануда қолданылуы Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында Керей мен Жәнібек сұлтандар тұсында жүзеге асады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақ хандығының басқару институттары: монография/жауапты ред., Б.Б. Кәрібаев. –Алматы: Қазақ университеті, 2020. –242 б.
 2. Трепавлов В.В. Государственный строй Монголской империи XIIIв.: Проблема исторической преемственности- М.: Наука. Издательская фирма «Восточная литература», 1993.- 168с.
 3. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. Алма-Ата: «Рауан». 1992. -384с.
 4. Әбілғазы. Түрік шежіресі/ Қөне түрік тілінен аударған Б.Әбілқасымов. – Алматы, 1992. –2286.
 5. Материалы по истории Казахских ханств XV—XVIII веков (извлечения из персидских и тюркских сочинений). Составители: Ибрагимов С.К. , Мингулов Н.Н., Пищулина К.А., Юдин В.П. - Алматы-Ата: Наука. – 1969. - 652 с.
 6. Дұлат М.Х. Тарихи Рашиди. – Құрастыруышы – М.Қойгелді. Алматы: «ҚАЗАқпарат».2015 – 320-3216.
 7. Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана.- Алматы: Дайк-Пресс, 2001.-276 с.
 8. Кәрібаев Б.Б. Қазақ хандары туралы зерттеулер(XV ғ. ортасы -XVIII ғ. басы). – Алматы: Қазақ университеті баспасы, 2019. – 250 б.
 9. Рашид ад-дин. Сборник летописей /пер. с персидского Ю.П.Верховского, примеч. И.П.Петрушевского. –М. –Л., 1960. –Т.2. – 248с.
-

С.Б. ӨЗЕНБЕК. СИСТЕМА ВЛАСТИ В КАЗАХСКОМ ХАНСТВЕ: ГЕНЕЗИС, РАЗВИТИЕ И ФУНКЦИИ

Аннотация. В данной статье рассматривается ханская власть как преемственное и непрерывное проявление государственности на территории современного Казахстана на протяжении длительного исторического периода времени от античности до средневековья. Определяется развитие и функциональные обязанности крупных племен и племенных союзов, существовавших на территории Казахстана до н. э., древнетюркской системы власти и преемственности с монгольской системой власти, основанной Чингисханом. На основе данных и исследовательских работ были всесторонне проанализированы должности высоких правителей и определено, что наличие святости в определенном человеке отличало его от современников.

Ключевые слова: власть, титул, наследование, кыпчакская традиция, монгольская традиция.

S.B. OZENBEK. THIS SYSTEM OF POWER IN THE KAZAKH KHANATE: GENESIS, DEVELOPMENT AND FUNCTION

Abstract. This article examines the Khan's power as a continuous and continuous manifestation of statehood on the territory of modern Kazakhstan for a long historical period of time from antiquity to the Middle Ages. The development and functional responsibilities of large tribes and tribal unions that existed on the territory of Kazakhstan BC, the ancient Turkic system of power and continuity with the Mongolian system of power founded by Genghis Khan are determined. Based on the data and research papers, the positions of high rulers were comprehensively analyzed and it was determined that the presence of holiness in a certain person distinguished him from his contemporaries.

Keywords: power, title, inheritance, Kipchak tradition, Mongolian tradition.

Сведения об авторе

С.Б. ӨЗЕНБЕК, «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» ЖОО-за дейінгі дайындық кафедрасының оқытушысы
e-mail: ozenbeks110@mail.ru; +7 775 803 8118